



Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсу қарқыны сақталуда

2017 жылдың қаңтар-маусымда 2017 жылдың қаңтар-мамырымен салыстырғанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор өзгеріпмей 5,8%-ді құрды. Өткен жылдың сәйкес мерзімінде көрсеткіш 0.7% құрып, төмендеуді көрсетті.

ҚЭИ-ға кіретін экономиканың базалық салалары көрсеткіштің негізгі өсім драйверлері болды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-маусым	2017ж. маусым	% -бен		2017ж. қаңтар-мамырына
					2016ж. қаңтар-маусымына	2016ж. маусымына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ІЖӨ 2017ж. 1 тоқсан бойынша	млрд.теңге	10 431.4		103.6		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	10 624.7	1 745.2	107.8	107.5	101.1
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	887.5	231.6	103.1	104.0	141.6
4	Құрылыс	млрд.теңге	1 153.0	346.9	105.9	107.9	121.2
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	257.3	45.5	106.9	109.2	101.3
6	Байланыс	млрд.теңге	338.4	57.5	102.5	103.0	101.3
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	3 887.2	751.4	105.9	104.6	103.1
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	3 283.7	767.1	103.7	99.0	115.6
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			107.7	107.5	100.4
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4.9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	140.8	143.8	101.9	99.4	102.3
12	Нақты жалақы индексі**	%				92.5	101.9

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-сәуір	2017ж. сәуір	% -бен		2017ж. сәуір бен 2017ж. наурызына
					2016ж. қаңтар-сәуіріне	2016ж. сәуіріне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл. США	29.9	6.8	129.2	142.2	108.6
1.1.	- экспорт	млн. долл. США	19.0	4.2	137.6	152.1	102.8
1.2.	- импорт	млн. долл. США	10.9	2.7	116.7	129.1	119.0
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс**	мың теңге	75.2***	75.1	104.5	100.6	100.2

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, Қытай Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

** - бағалау

***- айдың орташа есебі бойынша



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2017ж. қаңтар-маусымында тау-кен өндіру саласы, ауылшаруашылық пен құрылыс салалары экономиканың өсуіне себеп болды. Экспорттың өсуіне байланысты сыртқы сауда айналымы 29.2%-ға дейін артты. Жылдық инфляция бастапқы деңгейде қалды.

Оң үдерістер

№пп	2017ж. қаңтар-маусым %-бен 2016ж. қаңтар-маусымына	Факторлар	Анықтама үшін: 2017ж. қаңтар-мамыр %-бен 2015ж. қаңтар-мамырына
1. ІЖӨ 2017ж. 1 тоқсан бойынша	103,6*	экономиканың барлық салаларының өсуі, сумен жабдықтауды қоспағанда	
2. Өнеркәсіп	107.8	тау-кен өндіру мен өңдеу салалардың жоғары деңгейде өсу қарқынын көрсетілуде	107.8
3. Тау-кен өндіру саласы	109.4	шикі мұнай, көмір мен лигнит, металл кендері өндірудің өсуі	109.2
4. Өңдеу саласы	106.5	металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдері, кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	106.8
5. Ауылшаруашылығы	103.1	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы (мал мен құстардың сойылғаны, сиыр сүті мен тауық жұмыртқалары есебінен)	102.7
6. Құрылыс	105.9	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы (құрылыс жұмыстарының едәуір көлемі инженерлік ғимараттарында, автомагистральдар мен жолдарда орындалды)	105.1
7. Көлік (жүк айналымы)	106.9	темір жол, автомобиль мен құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	106.5
8. Негізгі капиталға инвестициялар	103.7	көлік және қоймалау, ауылшаруашылық, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операциялар мен саудадағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	105.2
9. Байланыс	102.5	желілік қызмет көрсету және мобильді интернеттен түскен кірістердің өсуі	102.4
10. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	105.9	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	106.2
11. Инфляция	107.7	инфляция деңгейі өзгеріссіз қалды (2017ж. қаңтар-мамырға қатысты азық-түлік тауарлар және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің бағалары қатты өзгерген жоқ)	107.7
12. Сыртқы сауда айналымы**	129.7	экспорттың пен импорттың өсуі	125.7
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт**	137.6	отын-энергетикалық тауарлар, металдар мен металдардан жасалған бұйымдар бойынша экспорттық түсімдердің өсуі	134.0
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт**	116.7	барлық негізгі тауар топтары бойынша импорттың өсуі, металдар мен металдардан жасалған бұйымдарды қоспағанда	113.1

**Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2017ж. қаңтар-мамыры 2016ж. қаңтар-мамырына %-бен сол жақ бағанда, ал 2017ж. қаңтар-сәуірі 2016ж. қаңтар-сәуіріне %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



Ішкі жалпы өнім


1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

2017 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ 3,6%-ға өсті

ҰЭМ СК деректері бойынша 2017ж.1-тоқсанда ІЖӨ 2016 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 3,6%-ға ұлғайып, 10,4 трлн. теңге болды.

ІЖӨ құрамындағы тауарлар мен қызметтер өндірісі тиісінше 6,2%-ға және 2,1%-ға өсті. Өнімге салықтар 4,3%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлесі тиісінше, 35,9% және 56,9% болды.




2017 ж. 1-тоқсанда тау-кен өндіру мен өңдеу өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, көлік және қоймаға алу, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты.

1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2017 ж. 1-тоқсанда ІЖӨ нақты көрсеткіште 3,1%-ға өсіп, 10,1 трлн.теңгені құрады.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,7%-ға өсті, жалпы жинақтау 2,5%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 4,8%-ға, ал импорт 9,8%-ға төмендеді.




1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсу Қырғызстанда және Өзбекістанда белгіленген

2017ж.1 тоқсанында 2016ж. салыстырғанда ІЖӨ-нің ең көп өсу Қырғызстанда (7,8%-ға өсу), Өзбекістанда (7,8%-ға өсу), Армения мен Тәжікістанда (6,5%-ға өсу) тиесілі белгіленген.

Әзірбайжанда ІЖӨ 0,9%-ға төмендеді.





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы


2017ж. маусымында 2016ж. маусымымен салыстырғанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 3.3%-ға төмендеп, бір баррель үшін 46.9\$ болды*.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіру құрайды, 2017ж. маусымында оның үлесі 38,5% болды.

2017ж. маусымы 2016ж. маусымға қатысты өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемі 10.4%-ға өсті, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 12.2%-ға көбейді.

2017ж. маусымда өткен айға қатысты мұнай өндірушілердің бағалары -1.6%-ға жуық төмендеді.



* - <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2017ж. сәуірдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

*** - ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2017ж. қаңтар-мамырында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 52,7% болды), Қытайға (11,7%) және Ресейге (9,4%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2017ж. 1 тоқсанында ЕО ІЖӨ (28) 2%-ға өсті, Қытайда ІЖӨ 6,9% болды, ал Ресейде 0,5%-ға өсті.


Сыртқы сауда айналымы**2017ж. мамыр айы**

2017ж. қаңтар-мамырында сыртқы сауда айналымы 29.2%-ға өсті (экспорт 37.6%-ға, импорт - 16.7%-ға өсті).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 68.6%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (36.1%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың өсуі мынадай тауарлар топтарын арттыруға байланысты: минералды өнімдер - 47.12%, металдар және олардан жасалған бұйымдар - 46.49% және басқа да тауарлар - 4.3%.


Импорт, металдар мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, барлық негізгі тауарлардың топтары бойынша ұлғайды. Импорттың өсуіне барынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар (14.9%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 512.2 млн.\$ мөлшерде өскен), сонымен қатар минералды өнімдер (40.9%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 315.1млн.\$ мөлшерде өскен) елеулі үлес қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу***

2017ж. маусымында 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 2.0%-ға артып, 12,7 трлн. теңге болды

Өткен аймен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 2017ж. маусымда 0,8%-ға ұлғайды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу саласында 15.8%-ға, ауыл шаруашылығында 5.6%-ға және "өзге де" салаларда (өндірістік емес сала, жеке қызмет) -5.7%-ға байқалды. Барлық басқа салалар бойынша төмендеу байқалды.



** - өндірістік емес сала, жеке қызмет

* - кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша



2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп

Саласының жылдың басынан тұрақты өсуі

Жылдың басынан өнеркәсіп саласы тұрақты өсуді көрсетуде, сондай-ақ 2017ж. қаңтар-маусымда сала 7.8%-ға өсті. 2016ж. тиісті кезеңінде осы көрсеткіш теріс аймақта (-1.6%) болды.


Өсу өндіріс көлемінің ұлғаюы, шикізаттың әлемдік бағасының артуы және салыстырудың төменгі базасы аясында көрсетті.



Тау-кен өндіру саласының жоғары өсу қарқыны сақталуда

2017ж. қаңтар-маусымда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 9,4%-ға өсті (2017ж. қаңтар-мамырында 9.2%-ға өсті).


Мұнай (9,7%), көмір және лигнит (16,5%) және темір кендері (8,6%) және метал кендерін (11,2%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.



Өндіріс көлемдерінің тұрақты өсуі

2017ж. қаңтар-маусымда салада өндіріс көлемі 6,5%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-мамырында - 6,8%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 7,9%-ға (үлесі - 43,2%), азық-түлік өнімдері 7,5%-ға (үлесі - 16,5%), кокс және мұнай өңдеу өнімдері 7,2%-ға (үлесі - 8,0%) ұлғайды.




2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы

2017ж. қаңтар-маусымда құрылыс жұмыстарының көлемі 5,9%-ға өсті (2017ж. қаңтар-мамырында - 5,1%-ға өсу).

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 3,3%-ға ұлғайды (үлесі - 89,0%).

Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі тиісінше, 23,9%-ға және 45,7%-ға артты.




Ескертпе. Уақытша қатарларды маусымдық түзету Arima Census X-12 құралдарын пайдалана отырып жасалады

**2.3. Ауыл шаруашылығы****Мал шаруашылығы өсудің көзі**


2017ж. қаңтар-маусымда ауыл шаруашылығы 3.1%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-мамырында - өсу 2,7% болды). Ауыл шаруашылығының өнімін өндіру көлемінің өсуіне мал мен құсты тірі салмақта сою көлемінің 4,7%-ға ұлғаюуы, шикі сиыр сүтін сауудың 2,9%-ға ұлғаюуы және тауық жұмыртқалардың саны 2,2%-ға көбейуіне себепші болды.

Мал шаруашылығындағы өнімнің көлемі 3.1%-ға (үлесі - 95,9%), ал өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 2.2%-ға ұлғайды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек сауда көлемінің өсуі жалғасты**


2017ж. қаңтар-маусымда бөлшек тауар айналымының көлемі 5.9%-ға өсті (2017ж. қаңтар-мамырында 6.2%-ға өсу).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемі 12.9%-ға өсті (үлесі - 57,3%), дара кәсіпкерлердің тауарларды сату көлемі 2,3%-ға (үлесі - 42,7%) азайды.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Өсудің жалғасуы**


2017ж. қаңтар-маусымда көліктегі жүк айналымының көлемі 6,9%-ға өсті (2017ж. қаңтар-мамырында 6,5%-ға өсу).

Өсуге темір жол көлігіндегі жүк айналымының 10,5%-ға (үлесі - 47,7) және құбыр желісінің 7,4%-ға (үлесі - 24,7%) ұлғаюуы себепші болды.

**2.6. Байланыс****Байланыс қызметінің өсуі жалғасуда**

2017ж. қаңтар-маусымда байланыс қызметінің көлемі 2,5%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-мамырда - 2,4%-ға өсу).

Өсуге Интернет желісі қызметтерін көрсетуден түскен кірістердің 12,4%-ға (үлесі - 32,9%) және ұялы байланыстың 0,8%-ға (үлесі - 31,3%) ұлғаюуы себепші болды.





3. Инфляция


3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляция өзгеріссіз қалды

2017ж. қаңтар-маусымда 2016ж. тиісті кезеңіне қатысты инфляция 7,7%-ды құрады, бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды.

Айлық инфляция 0,4%-ды құрды (2017ж. мамырда - 0,5%).

2017ж. маусымда өткен айға қатысты азық-түлік тауарлардың бағасы 0,7%-ға, азық-түлік емес тауарлардың 0,4%-ға және ақылы қызметтерге 0,1%-ға өсті.



4. Инвестициялар


4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың өсу қарқыны баяулады

2017ж. қаңтар-маусымда инвестициялар 3,7%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-мамырда - 5,5%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырудың (үлесі - 69,2%) ұлғаюы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті тау-кен өндіру саласы (үлесі - 36,2%), көлік және қоймалау (үлесі - 12,9) және де жылжымайтын мүлікпен операциялар (үлесі - 13,2%) енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздықтың төмендеуі

2017ж. маусымда 2016ж. маусымымен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,3%-ға азайды. Тіркелген жұмыссыздар саны 2,6%-ға азайды.

Жұмыссыздық 4,9%*-ды құрды.



5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістері төмендеді

2017ж. қаңтар-маусымда орташа айлық номиналды жалақы 1,9%-ға өсті.

Нақты жалақы 2017ж. маусымында мамырға қатысты 1,9%-ға өсті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2017ж. мамырында 6,4%-ға қысқарды.



* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері